



АҚШ ТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Орындаған: Омарова Эльвира ҚМ 211

Тексерген: Есенгельдинова С.Ж



- [Америка](#) экономикасындағы [мемлекеттің](#) атқаратын рөлі оның белгілі бір салаларын реттеуші қызметтен әлдеқайда ауқымды. Мемлекет, сонымен бірге, экономикалық іс-әрекеттің өсу қарқынын басқарады, жұмыспен қамтамасыз етудің жоғары деңгейі мен бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуді қарастырады.^[1] Осы мақсатқа жетудің екі түрлі жолы бар: алым мен шығынның тиісті деңгейін анықтайтын салық-бюджет саясаты және айналымда тұрған ақша сомасын басқаратын қаржы-несие саясаты.[↓]



- Құрама Штаттары экономикалық саясатының тарихында, 1930-шы жылдары орын алған Ұлы Депрессиядан бастап, үкімет экономиканың үзіліссіз өрлеуі мен бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін салық-бюджет және қаржы-несие саясатын үйлестіру жолдарын іздеді. Бұл оңай мәселе емес еді, сондықтан да бұл жолда белгілі-бір кедергілер болды.

САЛЫҚ БЮДЖЕТ САЯСАТЫ - БЮДЖЕТ ЖӘНЕ САЛЫҚТАР

- Үкімет аппаратының кеңеюі 1930-шы жылдардай бастап үкіметтік шығынның тұрақты түрде өсуімен қатар жүріп отырды. 1930-шы жылы федералды үкіметтің шығыны елдің ішкі жалпы өнімінің немесе импорт пен экспортта қосқанда, жалпы өндірілетін тауар мен қызмет көрсетудің 3.3 пайызын ғана құрады. Бұл көрсеткіш 1944 жылы Екінші Дүниежүзілік соғыстық нағыз қызған кезінде, ішкі жалпы өнімнің 44 пайызын құраса, 1948 жылы 11.6 пайызға төмендеді.

САЛЫҚ-БЮДЖЕТ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТАНДЫРУ

- 1930-шы жылдары Құрама Штаттарының Ұлы Депрессия- ның шырмауынан шығуы барысында, үкімет салық-бюджет саясатын тек өзін ғана қолдау үшін немесе әлеуметтік мәселе- лерді шегендеу үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл экономи- каның өсуі мен тұрақтануы мақсатында пайдалана бастады. Стратегияларды жасаушыларға ағылшын экономисі Джон Мейнард Кейнс қатты әсер етті, ол өзінің «Жұмыспен қамта- масыз ету, пайда және ақшаның жалпы теориясы» (1936) кіта- бында өз дәуірінің жаппай жұмыссыздығы тауар мен қызмет көрсетудің жеткіліксіз сұранысынан туындап отырғанын атап өтті. Кейнстің ойынша, адамдардың экономика өндіріп жатқан барлық тауарды сатып алуға жеткілікті табысы болған жоқ, сондықтан баға күлдырады, компаниялар шығынға батты немесе күйреді.

АҚШ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ АҚША

- 20-шы жүзжылдықтың соңғы жылдарында бюджеттің маңыздылығын сақтай отырып бүкіл экономиканы басқару ісінде басты назар салық-бюджет саясатынан қаржы-несие саясатына қарай ығыстырылды. Қаржы-несие саясаты - тәуелсіз үкіметтік мекеме болып табылатын АҚШ федералдық қор жүйесінің қызмет саласы. Жайшылықта Fed деп аталатын ол 12 аймақтық федералдық қор банктерінен және федералдық қор банкінің 25 бөлімшелерінен тұрады. Федералды заңдар бойынша тіркелген елдің барлық коммерциялық банктері федералдық қор жүйесінің мүшесі болуы керек; штаттардың билігімен тіркелген банктерге сондай-ақ осы жүйеге кіруіне рұқсат беріледі. Әдетте, Федералдық қор жүйесінің мүшесі болып есептелетін банк, жеке адам өзінің жергілікті банкі қалай пайдаланса, ол да өз аймағының резервтік банкі солай қолдана алады. Федералдық қор жүйесін Федералдық қоржүйесін меңгеруші кеңес басқарады. Оған 14 жылдық мерзімге Президент тағайындаған жеті мүше кіреді.